

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ
АНВАР ИСМАИЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ*

**Әлеуметтік педагогтың 2020 - 2021
оқу жылының
жылдық есебі.**

Ақсукеңт – 2020-2021

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ

Әлеуметтік педагогтің әрекет ету кезеңдері:

1 кезең – жасөспірімнің әлеуметтік өмірінің шынайы болмысын зерттеу.

2 кезең – зерттеу материалдарының қорытынды құжаттарына сәйкес мақсат-міндеттерді анықтайды; проблемалық шешуге тиіс жағдай болғанда, тіркелген субъектілердің әлеуметтік өмірінің мүмкіндіктерін есепке алады және жұмысты жоспарлайды.

3 кезең – әрбір іс пен әлеуметтік педагогикалық қызмет кезеңдеріндегі зерттеу нәтижелері мен жоспардың іске асырылу барысында жеткен жетістіктерді конструкциялау жұмысын жүзеге асырады.

Әлеуметтік педагогтың, психологтың, педагогтың, дәрігерлердің бірлескен қызметі төмендегідей:

- отбасына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;
- отбасы мен жасөспірімге дәрігерлік, психологиялық, педагогикалық кеңес беру;
- жасөспірімнің күйзелтетін даулы мәселелерді шешуге көмектесу;
- мінезінде ауытқушылығы бар адамдарға психологиялық және диагностикалық коррекция жасау;
- профилактикалық шаралар ұйымдастыру.

Әлеуметтік педагогтің «Тәуекел тобы» жасөспірімдермен жұмысы

Әлеуметтік педагогтың көңіл аударатын басты объектісі – жасөспірім өмірінің әлеуметтік проблемалары. Әлеуметтік педагогтың «Тәуекел тобы» жасөспірімдермен жүргізетін жұмысының мақсаты: проблемалық қауіпті өмір жағдайындағы жасөспірімнің әлеуметтік тұрақтануы үшін кедергі-қиындықтарды жеңу және оған жағдай жасау немесе проблеманы шешу, сонымен қатар әлеуметтік ортаның педагогикалық мақсатты, қолайлы жағдайын жасау. Бала мен әлеуметтік қоршаған орта өзінің әрбір даму кезеңдерінде жаңа әлеуметтік сана жағдайы мен бұрынғы қалыптасып қалған өлшемдер, талаптар аралығындағы туындаған қайшылықтарды тез сезініп отырады. Егер бағалау нормасы дер кезінде өзгермесе, субъект ретіндегі жасөспірімнің әлеуметтік өмірдегі дамуына қажетті қолайлы жағдай жасалмаса өмірлік маңызды шешімге келу кезеңінде кедергілер, яғни «өмірдің проблемалық жағдайы» пайда болады. Егер отбасы мен әлеуметтік орта жасөспірімге бұл кедергілерді жоюға көмектесе алмаса, онда ол «Тәуекелдік жағдайға» жетеді. Ал, егер бұл тұста педагог-маман араласпаса кедергі көбейе түседі де, жасөспірім «әлеуметтік қауіпті жағдайға» ұшырайды, сөйтіп, «Тәуекелділер тобына» амалсыз болады.

Жасөспірімнің әлеуметтік өмірінің проблемалық кеңістіктегі жіктелуі
- таңдау бостандығы және әлеуметтік шығармашылық проблемалары-қалыптасқан әлеуметтік өмір нормаларындағы жасөспірімнің сұранысы мен қажеттілігін қанағаттандыру жолындағы қиындықтар: жасөспірімнің өз бағыты деңгейдегі немесе адамдарға өз қарым-қатынасын көрсетуі; өзінің жаңа статусын орнатуы, әлеуметтік ортаға ықпалы және әлеуметтік қатынастардың жаңа нормаларын жасаудағы қиындықтар;

- *әлеуметтік бейімделу және бейімделе алмау проблемалары* – ағымдағы әлеуметтік өмір нормаларына үйрену және меңгеру кезіндегі қиындықтар; жасөспірімнің денсаулығы мен өміріне қатерлі әлеуметтік қауіпті нормаларды бұзу кезінде туындайтын қиындықтар;

- *әлеуметтік бірігу және ажырау проблемалары* – жасөспірім мүмкіндігі мен қажеттілігі, отбасының әлеуметтік мүмкіндігі, отбасы мүшелерінің сұранысы бірігу немесе ажырау кезіндегі қиындықтар; қажетсіз байланыстар мен қарым-қатынастар, әлеуметтік байланыстарды кеңейтуге немесе бұрынғыларынан шығу кезіндегі дамудың қиындықтары. **Әлеуметтік педагогтің «Тәуекел тобы» жасөспірімдермен істелетін негізгі міндетті қызметі**

- сақтандыру құралдарының көмегімен тәлімгер ретінде жасөспірімнің таңдау бостандығы мен әлеуметтік шығармашылығы проблемаларын шешеді.

- қорғаныс – қауіпсіздік қызметі құралдарының көмегімен үйлестіруші ретінде жасөспірімнің бейімделу немесе бейімделе алмау проблемаларын шешуге көмектеседі;

- жұмылдыру әрекеті арқылы жұмылдырушы ретінде әлеуметтік бірігушілік немесе ажырау проблемаларын шешеді.

Білім мекемелеріндегі Мемлекеттік Әлеуметтік саясатты жүргізуші ретінде әлеуметтік педагог «Тәуекелдер тобы» жасөспірімдермен істелетін әлеуметтік педагогикалық жұмыстардың негізгі бағыттарын белгілейді.:

Олар:

- ата-ана қамқорлығынан тыс қалған жасөспірімдер;

- мүгедек балалар;

- физиологиялық немесе психологиялық ауытқушылығы бар жасөспірімдер;

- экологиялық, техногендік апаттардың стихиялық нәубеттердің құрбаны болғандар;

- босқындар мен жер ауғандар отбасының балалары;

- төтенше жағдайға ұшырағандар;

- бостандығынан айырылып, жазасын өтеуге тәрбие колонияларына жіберілген жасөспірімдер;

- арнайы оқу-тәрбие мекемелеріндегі балалар;

- мінез-құлқының ақауы бар балалар;

- айрықша жағдайға байланысты өмір сүру мүмкіндігі объективті түрде бұзылған, оны өз бетімен немесе отбасы көмегімен жөндей алмайтын жасөспірім.

Әлеуметтік педагогтің ата-аналармен жұмысы

Отбасы – жасөспірімдерді әлеуметтендіруге өте маңызды институт. Бұл жасөспірімнің дамуы мен жеке өмір құру ортасы, ол бір қатар өлшемдермен анықталады. **Әлеуметтік – мәдени өлшемі** ата-аналарының білім деңгейімен қоғамдық өмірге араласу белсенділігіне байланысты, **әлеуметтік экономикалық өлшемі** – ата-аналарының мүліктік-материалдық және жұмыспен қамтамасыз етілуіне байланысты; **техника-гигиеналық тұрмыс жағдайы**, үй

құрылысының жабдықталуы, өмір салты ерекшеліктеріне байланысты, *демографиялық* – отбасы құрылымына байланысты анықталады. Жасөспірім дамуының қай жағын қарастырсақта, барлық жағдайда, жас ерекшелігінің қай кезеңінде де отбасының маңыздылығы тиімді және шешуші роль атқарады. Жасөспірімнің ішкі дүниесін білу, оның проблемаларына ортақтасу, немесе керісінше елеп-ескермеу арқылы ата-аналар жасөспірімнің өзіндік сана-сезімі мен толық тұлғасын қалыптастырады. Сонымен, отбасы баланың әлеуметтенуінде шешуші роль атқарады. Әлеуметтік педагогтің ата-аналармен жүргізетін жұмысы аса маңызды болып саналады. Ол отбасындағы жағдайлар туралы толық мәлімет ала отырып, бала тәрбиесіне байланысты ата-аналарымен ынтықмақтасады, оларға кәсіби-педагогикалық көмек көрсетеді.

Педагог пен ата-ананың үнемі ынтымақтаса отырып, әр кезеңде атқаратын міндеттерінің бірі - ата-ананың педагогикалық белсенділік бағытын қалыптастыру болып табылады.

Дұрыс ұйымдастырылған жұмыс жабық үйрету сипатына ие болады. Әлеуметтік педагог отбасы тәрбиесінің үлгілі, оның тәжірибесіне сүйенеді; оны жан-жақты зерттеп, жинақтап, таратады; оңды ой-пікірлерді күшейтіп, оң-терісін реттеп тәрбие процесінде пайдаланады.

1. Тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара сенімділік қарым-қатынастары оңды бағытталған, бірігіп ықпал етудің шешуші және алғашқы шарты болып табылады. Ата-аналардың тәрбиеге көзқарасын жандандырып, табысқа жетуге қажеттілік және өз күшіне сенімділік тудыру үшін дұрыс байланыс орнатудың маңызы зор.

2. Әлеуметтік педагогтың неғұрлым маңызды міндеттерінің бірі - ата-аналарды педагогикалық білім мен дағдыға, оның теориялық және практикалық ықылымдарын меңгеруіне, әсіресе тәрбиені ұйымдастыру шеберлігіне жетілдіру болып табылады. Жұмыла педагогикалық әрекет етудің мұндай нәтижесі ата-аналардың өз баласына ғана емес, сонымен қатар біртұтас топ студенттерін тәрбиелеу белсенділігіне әкеледі. Әлеуметтік педагог пен ата-ана әріптестер ретінде бірін-бірі толықтырады.

Әлеуметтік педагогтің отбасымен өзара бірлесе әрекет етуін ұйымдастыруы:

- өз балалары мен топтағы жасөспірімдерді тәрбиелеуде этнопедагогикалық мүмкіндіктерін анықтау мақсатында отбасы мен туысқандарын зерттеу.
- өз балалары мен топтағы жасөспірімдерді тәрбиелеуге қажетті ата-аналардың адамгершілік әлеуметтік мүмкіндіктер принципіне қарай отбасыларын топтарға бөлу;
- халықтық педагогика дәстүрлері негізінде әлеуметтік педагог пен ата-аналардың бірлесе әрекет ету бағдарламасын жасау;
- өзара тәрбие қызметіндегі ағымдағы және ақырғы нәтижелерді зерттеу;
- жасөспірімнің отбасын зерттеу, оның өмір сүру қағидаларын, көпқұрылымдығын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын, тәрбие мүмкіндіктерін, жасөспірімнің ата-аналарымен қарым-қатынасын терең түсіну; әлеуметтік педагогтың отбасына ештеңе жақындудына мүмкіндік тудырады.

Сонымен қатар, әлеуметтік педагог кешенді дәстүрлерді, әдіс-тәсілдерді, психология-педагогикалық диагностиканы: бақылау, байқау, пікірлесу, тесттеу, анкета жүргізу, іскерлік ойындар өткізу, жасөспірім шығармашылығын пайдалану тағы басқа әдістерді жүргізе алады.

Әлеуметтік педагог төмендегі ережелерді сақтау тиіс:

- ата-аналар мен жасөспірім өзін зерттеу объектісі ретінде сезінбеуі тиіс;
- зерттеу мақсаты, жоспарлы, үздіксіз және жүйелі жүргізілуі тиіс;

- зерттеу әдістері халықтық дәстүрлі тәрбие әдістерімен байланысты болуы тиіс;
- психологиялық, педагогикалық әдістер әртүрлі, санқилы және кешенді пайдалануы тиіс.

Отбасына әлеуметтік педагогикалық диагностика негізінен өз баласы мен топтағы жасөспірімдерді тәрбиелеуге бағытталған адамгершілік әлеуметтілігін пайдалану мүмкіндігіне қарай бөлінген отбасыларының шартты топтарда жүргізіледі. Осыған байланысты отбасыларын 5 топқа бөледі:

1. Жоғары адамгершілікті, этномәдени қарым-қатынастардағы отбасылар. Салауатты өмір салты, ұлттық-этникалық, моральдық атмосфера қалыптасқан, жасөспірімдер өз қабілеттерін дамытуға толық мүмкіндік алатын отбасылар жатады. Әлеуметтік педагогтің жиі араласуының қажеті жоқ дей тұғынмен тәрбиелеудің жас ерекшелігіне баланысты қиындықтарына сәйкес кейбір кеңестер мен ескертулердің берілуі мүмкін.

2. Ата-аналардың қалыптасқан ережеге сәйкес қарым-қатынаста болуымен сипатталатын отбасылар, бірақ, тәрбиенің оңды бағытын қамтамасыз ете алмағандықтан жасөспірім балада эгоизм, нигилизм, ата-анасын менсінбеу, отбасынан аластау көзқарастарының қалыптаса бастауы тағы басқа педагогтың көңіл аударуына мәжбүр етеді.

3. Дау-жанжалмен өз қарым-қатынастарын реттей алмайтын, балаларына көңіл аудармайтын отбасылар. Мұндай отбасыларына педагогикалық белсенді ықпал қажет, отбасындағы микроклиматты сауықтыру, жасөспірімді қорғап қалудың шұғыл шараларын қолдану қажет. Олар:

- дау-жанжалды отбасының көп уақытқа созылған, отбасы мүшелерінің таусылмайтын кикілжіңі ауыр моральдық-психологиялық ахуалға әкеледі. Жанталасқан адамдардың балаға агрессиялық көзқарасы, ата-аналарының баланы бір-біріне айдап салуы, баланың ауытқушылығына апарып, отбасын тастап шығуға мәжбүр болады;

- педагогикалық қалыптасқан отбасы - мұндай отбасыларында жасөспірімге қарым-қатынас қатыгездікке, әкімгерлікке, тұрақсыздыққа, зорлыққа құрылған. Бұл баланың намысына тиіп, ар-ожданын таптайтын, сезімін өшіріп, өзіне-өзі баға бере алмайтын күйге жеткізеді. Нәтижесінде отбасынан аластану, ата-ана ықпалынан босап шығу ниетіне ауып, ауладағы, көшедегі бейресми топтардың қолына түседі;

- әлеуметсізденген отбасы-отбасылық ұстанымдар мен қамқорлықтың жойылуы, бала құндылығын бағаламау, тәрбиесіздік, сексуальдық арсыздық, мастардың сотқарлығы тағы басқа;

Басты «тәрбие әдісі» - ұрып соғу. Бұл отбасылардан шығатын жасөспірімнің психикасы бұзылады, үйінен, сабақтан қашады, оқу - үлгерімі нашар болып қалыптасады.,

4. Сырттай сау көрінетін отбасы - бірақ іштей рухани азғындық жайланған, шынайы адамгершілік құндылықтары жоқ, ұрпақтың сезімталдық қасиетті бұзылған. Бұл отбасыларынан шыққан кейбір жасөспірімдер өз отбасының сыртқы «бейнесін» жақсы көрсете білетіндіктен мұндай балалармен тәрбие жұмысын жүргізу аса қиындыққа түседі.

5. Қалыптаспаған отбасылар – дау-жанжалды, бейморальді мінез-құлықты, сотқарлық, қатыгездік орын алған. Жасөспірімді қорғау үшін әлеуметтік педагогтың мұндай отбасына үнемі көңіл аударып отыруы, қоғамдық ықпал көрсетуі немесе белсенді араласуы қажет.

Әлеуметтік педагог пен ата-ананың бірлескен әрекеті ортаның тәрбиелік ауанын едәуір байытады, егер өзара әрекет мақсаты формада жүргізілетін болса тұлғаны қалыптастырудың әлеуметтік қуат-күші ашылып, әлеуметтік педагог пен ата-ана қызметінің мазмұны мұратқа жетеді.

Әлеуметтік педагогтің өз қызметін жүргізудегі басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық құжаттары

Әлеуметтік педагог үшін қоғамдық құбылыстарды зерттеу барысында мәліметтер жинау әдістері бір қатар қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сол қиындықтардың бірі - қоғамның, қоғамдық құбылыстардың үздіксіз өзгерісте болатындығынан туатын қиындықтар. Екінші қиындық - қоғамдық құбылыстардың аса кең ауқымдылығымен, кейде тіпті бүкіл адамзатты қамтитындығымен байланысты бақылау жүргізудің қиындықтары. Үшінші қиындық - қоғамдық құбылыстардың аса күрделілігіне байланысты, сол себепті ол құбылыстарға әсер ететін көптеген факторларды зерттеу қажет болады.

Әлеуметтік педагогтың жұмысын ұйымдастыру жолдары Әлеуметтік педагог мектепте негізгі бағыттарда жұмыс жасайды:

- 1.Диагностикалық қызмет;
- 2.Өз қызметінде көмекті қажет ететін жасөспірімдерді анықтау;
- 3.Кәмелетке толмағандардың, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыру;
- 4.«Қиын» жасөспірімдермен жұмыс. 5.Топ жетекшілері, медициналық қызметкерлер, ата-аналар комитетімен, пән мұғалімдерімен қарым-қатынасты үйлестіру.

Әлеуметтік педагогтың құжаттары:

1. Тәжірибелік жұмыс жоспары;
2. 1 жылға құрастырылған жұмыс жоспары;
3. Диагностикалық жұмыстар
4. Құқықтық тәрбие. Отбасымен жұмыс
5. Топ жетекшілермен жұмыс
6. Ағарту іс шаралары
7. Ерекше назардағы баламен жұмыс
8. Студенттердің тізімі:ЖӨИ есебінде тұратын;
9. Колледжішілік бақылауда тұратын көп балалы және аз қамтылған отбасылар, Сәтсіз отбасылар, Мүгедек балалар;
10. Оралман студенттердің тізімі.Потранаттық отбасы тәрбиесіндегі балалардың жеке іс қағаздары. Атқарылған жұмыстардың жылдық есебі.

Әлеуметтік педагогтың нормативтік құжаттары:

- ҚР Конституциясы
- Білім туралы Заң
- Бала құқығы туралы Конвенция\
- Бала құқығын қорғау Заңы
- Неке және отбасы туралы Заң

Әдеп кодексі Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық қолдау туралы нормативтік актілер. Қиын баламен жұмыс жүргізу

- Нақты есебін алу
- Мінездеме жазу
- Арнайы бақылау дәптерін жүргізу

- Ата-анасымен байланыс дәптері
- Жүргізілген іс-шараларға қатысуынбақылау
- ЖӨИ қызметкерлеріменкездесуөткізу
- Маңыздынәтижесі бар сана-сезімгеәсерететінтәрбиесағаттарөткізу
- Сабақтантысүйірме, секцияларғақатысуынқадағалау
- Психологиялық, педагогикалықзерттеулержүргізу.

Әлеуметтік педагогтың құқығы:

- Жасөспірімнің педагогикалық және медициналық құжаттарын пайдалануға;
- Сабақтарға қатысып отыруға;
- Колледж әкімшілігінің, медициналық, педагогикалық қызметкерлерінің балалар құқығымен денсаулығын қорғау қоғамдық ұйымдарының алдына көкейкесті мәселелерді қоюға;
- Медициналық-әлеуметтік мәселелер бойынша білім мекемелерінің екперттік шешімдеріне араласуын;
- Отбасы мүшелерінің колледж бен отбасындағы кепілдігін анықтау мәселесін (дауыл жағдайда) қоюға;
- Қажетті кезде тиісті органдарға ата-ана құқығын айыру мәселесін ұсынуға, жасөспірімдер мүдесін сотта қорғауға;

Әлеуметтік педагог өз қызметін үш бағытта жүргізеді.

- Жасөспірім мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп, сараптайды және өңдейді;
- Әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен жасөспірімге әлеуметтік-педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады.
- Жасөспірімнің жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, жасөспірім тұлғасы дамуының бұзылу себептерін анықтап, алдын- ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен жасөспірімнің психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

**Әлеуметтік педагогтың
2020-2021 оқу жылына арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

| № | Іс-шаралар атауы | Мерзімі | Жауапты |
|--|---|-----------------------------|---|
| I.ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ | | | |
| 1 | Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру, бекіту (қашықтықтан) | Қыруйек қашықтықтан | Әлеуметтік педагог ТДЖ орынбасары |
| 2 | Колледждің топтардың әлеуметтік төлқұжатын құру, студенттер контингентіне талдау жасау, әлеуметтік құрамын анықтау, әлеуметтік көмек берілетін балалардың тізімін жасау. | Қыруйек қашықтықтан | әлеуметтік педагог, топ тәлімгерлері ТДЖ орынбасары |
| 3 | Жетім, толық емес отбасы, көп балалы, аз қамтамасыз етілген, мүгедек, есепте тұратын, қолайсыз отбасылардан шыққан балалардың тізімін анықтау мақсатында топ тәлімгерлерімен жұмыс. | Қыруйек қашықтықтан | әлеуметтік педагог, топ тәлімгерлері ТДЖ орынбасары |
| 4 | Колледж студенттерінің қоршаған ортасының дамуына бақылау мониторингін жасау: Студенттердің әлеуметтік ортасын (отбасы, әлеуметтік ортасы және қызығушылығы) диагностикалау және колледж өміріне бейімделуге арналған сауалнамалар жүргізу (1-2 курс арасында) | Жыл бойы қашықтықтан | әлеуметтік педагог, педагог-психолог ТДЖ орынбасары |
| 5 | Отбасы мен жасөспірімге дәрігерлік, психологиялық, педагогикалық кеңес беру | Жыл бойы қашықтықтан | әлеуметтік педагог |
| 6 | Студенттер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлқы бар студенттерді анықтау. Сауалнама жүргізу. | Жыл бойы қашықтықтан | әлеуметтік педагог, педагог-психолог |
| II. «ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ» БАҒЫТЫ | | | |
| 7 | Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Кодексінің 4-бөлім 15 тарауы бойынша: Жетім балаларды, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау, есепке алу, тізімін нақтылау, картотека жасау. Студенттердің үй-тұрмыс жағдайларын зерделеу. | жыл бойы қашықтықтан | әлеуметтік педагог, топ тәлімгерлері ТДЖ орынбасары |
| 8 | Жанұялық өзара қарым-қатынастардың, қажеттіліктерін, материалдық жағдайларын анықтау, студенттерді тәрбиелеуге көмек көрсету мақсатымен қамқоршылар және ата-аналармен кеңес беру жұмысы | жыл бойы қашықтықтан | әлеуметтік педагог педагог-психолог ТДЖ орынбасары |
| 9 | Мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалар туралы мәліметтерді жаңалау. Әлеуметтік төлқұжат түзу, тізімін нақтылау. | Қыркүйек қантар қашықтықтан | әлеуметтік педагог, топ тәлімгерлері ТДЖ орынбасары |
| 10 | Құқық бұзушылыққа қарсы жасөспірімдер арасында | жыл бойы | әлеуметтік |

| | | | |
|---|---|-----------------------------------|--|
| | нашақорлыққа, ішімдікке және темекіге қарсы «Құқық бұзушылыққа жол жоқ?» тақырыбында әңгімелер жүргізу. | қашықтықтан | педагог, педагог-психолог, дәрігерлер ТІЖ орынбасары |
| III. «ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ» БАҒЫТЫ | | | |
| 11 | Әлеуметтік қамқорлықтағы баланың тұрғын-жайын зерттеу актілерін жүргізу. Студенттердің отбасылық жағдайын талдау және мониторингін құру. Ата-аналар жиналыстарына қатысу. Топ тәлімгерлерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін студенттердің ата-аналарымен байланысын қадағалау. | Қыркүйек қантар қашықтықтан | әлеуметтік педагог, топ тәлімгерлері ТІЖ орынбасары |
| IV. «ОТБАСЫ МЕН БАЛА» БАҒЫТЫ | | | |
| 13 | Кәмелетке толмағандар мен студенттер арасында қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу, ерекше назардағы және тәуекел топтағы студенттермен жұмыс. аутодескрутивти студенттер туралы мәлімет жинау, қолайсыз отбасы туралы мәлімет жинау әлеуметтік тұрмыстық жағдайын анықтау | жоспарға сәйкес қашықтықтан | әлеуметтік педагог, топ тәлімгерлері ТІЖ орынбасары |
| 14 | Студенттермен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу және кеңестер беру. «Мен және жанұям» тақырыбында 1 курстарға баяндама жасау. | ақпан қашықтықтан | әлеуметтік педагог педагог-психолог |
| 15 | Әлеуметтік педагог ата-аналармен кешенді дәстүрлерді, әдіс-тәсілдерді, психология-педагогикалық диагностиканы: бақылау, байқау, пікірлесу, тесттеу, анкета жүргізу | Желтоқсан қашықтықтан | әлеуметтік педагог педагог-психолог |
| 16 | «Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ!» тақырыбында коллед студенттерімен қашықтықтан тренинг өткізу | сәуір қашықтықтан | әлеуметтік педагог, педагог-психолог |
| 17 | Аз қамтылған отбасы балалары және жартылай жетім отбасы балаларын үйірмелерге, спорт секцияларына, факультативтерге қатыстыру | наурыз қашықтықтан | әлеуметтік педагог, топ тәлімгерлері, ТІЖ орынбасары |
| 18 | Колледж студенттерінің денсаулық картасын қадағалау, профилактикалық-медициналық бақылаулар жүргізу | жыл бойы қашықтықтан | әлеуметтік педагог, медбике ТІЖ орынбасары |
| 19 | Келесі оқу жылында кемшіліктер жібермеу үшін колледждің өткен оқу жылындағы қызмет жұмыстарын талдау. Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебін жасау. | Мамыр қашықтықтан | әлеуметтік педагог ТІЖ орынбасары |

1. Колледждегі топтардың әлеуметтік төлқұжаты құрылды. Студенттер контингентіне талдау жасалынды.

| | | |
|--|------------------------------|---------------------------|
| Колледж бойынша күндізгі оқу бөлім бойынша жалпы студенттер саны | Жалпы: 2124 | |
| | Бюджеттік топ: 924 | Ақылы топ: 1200 |
| Гуманитарлық мамандықтар бойынша | Жалпы: 599. | |
| | Бюджеттік топ: 225 | Ақылы топ: 374 |
| Өндірістік бөлімі бойынша | Жалпы: 990. | |
| | Бюджеттік топ: 699 | Ақылы топ: 291 |
| Медициналық мамандықтар бойынша | Жалпы - 538 | |

| | | |
|---------------------------------------|-----------------------------|-------------------------|
| Жартылай жетім | Жалпы – 75. | |
| | Бюджеттік топ: 52 | Ақылы топ: 23 |
| Тұл жетімдер | Жалпы – 13. | |
| | Бюджеттік топ: 11 | Ақылы топ: 2 |
| Мүмкіндігі шектеулі балалар (мүгедек) | Жалпы – 29. | |
| | Бюджеттік топ: 24 | Ақылы топ: 5 |

| | |
|---|---------------------|
| Әлеуметтік жағдайы төмен: (көп балалы) | Жалпы : 762. |
| Бюджеттік топ: | 502. |
| Республикалық : | 146 |
| Облыстық: | 144 (14) |
| Облыстық жұмысшы мамандықтар: | 198 |
| Ақылы топ: | 260 |

2. Топ тәлімгерлерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін студенттердің ата-аналарымен байланысын қадағалау, әлеуметтік көмек берілетін студенттердің тізімін жасау.

Атаулы әлеуметтік көмек алуға керекті құжаттар тізімі жасалынды, топ тәлімгерлеріне атаулы әлеуметтік көмек алатын студенттерді ақпараттандыру бойынша жұмыстар атқарылды.

Хаттама № 5

Ақсуқент.а

5 қыркүйек 2020

жыл

Қатысқандар :

Розакулова Н.А-Оқу әдістеме ісі жөніндегі директордың орынбасары

Абзелова Ұ.О -тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары

Бексеитова К.Р- Маман бөлімінің меңгерушісі

Мухитдинова Н.А- Есепші

Жунусбекова Г.Қ – Гуманитарлық бөлім меңгерушісі

Мавланова Н.К – Өндірістік бөлім меңгерушісі

Нартаев Ф.М - Студенттік кеңсе меңгерушісі

Белобородова Т.В- Заңгер

Абдунабиева З.М - Әлеуметтік маман

Күн тәртібі

1. Тағайындалған комитет әлеуметтік қажеттілікке ие студенттерге тамақтандыруға қосымша төлемақы қарастырылады .

2. Жұмысшы мамандықтар бойынша.

3. Оқушылардың қортынды тізімін құрастыру және жиналған құжаттарды бекіту .

4. Биылғы оқу жылына қабылданған студенттердің құжаттарын топ тәлімгерлері

жинақтап тапсырсын , комиссия мүшелері құжаттарды ағымдағы жылдың қыркүйек айының 5 –ші жұлдызы күні қарасын.

Шешім қабылданды

1. Тәлімгерлер 1-4 курс аралығындағы студенттерінің құжаттарын тапсырды.

2. Мұқтаж студенттердің қортынды тізімі бекітілді, барлығы 143 студент оның ішінде 6 студенттің қорғаншысы бар.

3. Колледж бойынша тұл жетімдер саны 9

4. Көпбалалы және аз қамтылған студенттер саны 137

5. Жұмысшы мамандықтар бойынша 198 студент соның ішінде 3 студенттің қорғаншысы бар.

6. Республикалық бюджет бойынша 146 студент оның ішінде 1 студенттің қорғаншысы бар.

7. Мәлімдеме қорытындысы.

3. Ақылы топтағы жартылай жетім және тұл жетім студенттерге 2020-2021 оқу жылындағы төлемақысына 10% және 30% жеңілдік қарастырылды.

Хаттама

Ақсукеңт.а

16 қазан 2020 жыл

Қатысқандар :

Исмаилова Г.К- Колледж директоры

Розакулова Н.А-Оқу әдістеме ісі жөніндегі директордың орынбасары

Абзелова Ұ.О -тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары

Бексеитова К.Р- Маман бөлімінің меңгерушісі

Шатемирова А.Р - Медицина бөлімінің меңгерушісі

Мухитдинова Н.А- Есепші

Мавланова Н.К – Өндірістік бөлім меңгерушісі

Нартаев Ф.М - Студенттік кеңсе меңгерушісі

Белобородова Т.В- Заңгер

Абдунабиева З.М - Әлеуметтік маман

Күн тәртібі

1. Колледж директорының ұсынысы бойынша ақылы топтағы тұл жетім және жартылай жетім студенттердің мәлесі көрілсін.
2. Тағайындалған комитет ақылы топтағы жартылай жетім және тұл жетім студенттерге 2020-2021 оқу жылындағы төлемақысына 10% және 30% жеңілдік қарастырылады.
3. Оқушылардың қортынды тізімін құрастыру және жиналған құжаттарды бекіту .
4. Студенттердің құжаттарын топ тәлімгерлері жинақтап тапсырсын.

Шешім қабылданды

1. Тәлімгерлер 1-3 курс аралығындағы студенттерінің құжаттарын тапсырды.
2. Ақылы топтағы жартылай жетім және тұл жетім студенттердің қортынды тізімі бекітілді барлығы 20 студент
3. Ақылы топтағы тұл жетім студенттер саны 3
4. Ақылы топтағы жартылай жетім студенттер саны 17

4. Колледж студенттерінің педагогикалық-психологиялық картасы толтырылды. Студенттердің отбасылық жағдайы (отбасы, тұрғын үй жайы, отбасымен қарым-қатынасы) тұралы карта толтырылды (1-2 курс арасында)

Сауалнама жүргізілу барысында бірнеше топтарда колледж өміріне бейімделе алмай жатқан және қоршаған ортамен қарым-қатынасы төмен деңгейдегі студенттер анықталды.

Студенттерге жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері мен аналитикалық талдамасы

Тақырыбы: Студенттердің әлеуметтік ортасына және колледж өміріне бейімделуі.

Күні: 10.10.2020ж – 25.10.2020ж.

Зерттеу нысаны: 1, 2 –курстардың студенттері.

Зерттеудің мақсаты: Студенттердің әлеуметтік ортасын (отбасы, әлеуметтік ортасы және қызығушылығы) диагностикалау және колледж өміріне бейімделуін анықтау.

Зерттеу әдістері: дербес сауалнамалық термесауал.


Зерттеуге қатысқан колледж студенттерінің саны **288** адамды құрады, соның ішінде:

| № | Мамандық | Мамандықтың қысқаша атауы | Сұралған студенттердің саны |
|----------|---|----------------------------------|------------------------------------|
| 1 | 0101013 Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі | МДО | 68 |
| 2 | 010105013 Бастауыш білім беру мұғалімі | БСО | 15 |
| 3 | 0402013 Дизайнер | Д | 28 |
| 4 | 1401242 Кең бейімді құрылыс шебері | КБҚ | 11 |
| 5 | 0302043 Жалпы практикадағы медбике | МБ | 52 |
| 6 | 030101 3 Фельдшер | ФЛ | 21 |
| 7 | 0508022 Кондитер | ТУК | 16 |
| 8 | 050801 2 Аспаз | ТУА | 23 |
| 9 | 010503 3 Шеттілінен бастауыш білім беру мұғалімі | ШТ | 17 |
| 10 | 0103023 Дене тәрбиесінің пәнінің мұғалімі | ДТ | 12 |
| 11 | 0104013-2 Автомобиль көлігін жөндеу және қызмет көрсету (өндірістік оқыту шебері, техник механик) | АКЖ | 7 |
| | Барлығы | 11 | 288 |

Сауалнамаға төмендегідей сұрақтар қойылды.:


1.Сіз неліктен колледжге түсуге шешім қабылдаңыз?

| № | Курс | Студенттер саны |
|---|-----------------------|-----------------|
| 1 | Өз еркіммен | 135 |
| 2 | Ата-анамның қалауымен | 70 |
| 3 | Колледж ұнаған соң | 20 |
| 4 | Басқа да жауаптар | 63 |




2. Оқытушылар сізбен жақсы сөйлеседі ме?

1) Ия - 193 адам. 2) Жоқ - 95 адам.




3. Сіздің достарыңызбен қарым – қатынасыңыз жақсы ма?

- 1) ия – 245
- 2) жоқ – 9
- 3) орташа – 34




4. Агрессияшылық сізде жиі байқала ма?

- 1) ия – 115
- 2) жоқ – 23
- 3) орташа – 150



5. Сіздің үйіңіздегі жағдай жайлы ма?

- 1) ия – 256
- 2) жоқ – 8
- 3) орташа – 24




6. Психологқа жүгініп педіңіз?

1) ия – 19

2) жоқ – 224

3) барғым келеді – 45



5. Студенттердің қысқы сынақ емтихан алдындағы мазасыздық деңгейін төмендету мақсатында 3-4 курс студенттеріне «Бәрі менің қолымда» атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында оларға күйзеліс деңгейін түсіретін жаттығулар, ойындар жүргізілді. Психологиялық кеңестер берілді



6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша сауалнама.

Студенттерге жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері мен аналитикалық талдамасы

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша сауалнама.

Күні: 5.11.2020ж – 15.11.2020ж.

Зерттеу нысаны: 1, 2 –курстардың студенттері.

Зерттеудің мақсаты: Студенттердің жемқорлыққа қарсы іс-әрекеті.

Зерттеу әдістері: дербес сауалнамалық термесауал.

Зерттеуге қатысқан колледж студенттерінің саны **489** адамды құрады


Сауалнамаға төмендегідей сұрақтар қойылды:

1. Сіз сыбайлас жемқорлық деп нені түсінесіз? (3-ден артық емес нұсқа көрсетіңіз)

| | |
|---|-----|
| Лауазымды тұлғаларға сыйлық тарту | 54 |
| Лауазымдық жағдайды жеке, ашкөз мүддеде қолдану | 2 |
| Мемлекеттік қаражатты жеке мақсаттарда қолдану | 20 |
| Қоғамдық ресурстар мен қорларды заңсыз түрде үлестіру және қайта бөлу | 56 |
| Қоғамдық ресурстарды жеке мақсаттарды заңсыз түрде иемдену | 25 |
| Әйгілі «аға-көкелік» (өз мақсатына қол жеткізу үшін жеке байланыстарды қолдану) | 173 |
| Парақорлық | 71 |
| Пара беруге мәжбүрлеу | 88 |


2. Біздің оқу орнында парақорлық жағдайлары бар деп ойлайсыз ба?

| | |
|----------------------|-----|
| Өте жиі | - |
| Жиірек | - |
| Жауап беруге қиналам | 66 |
| Жоқ | 423 |




3. Оқу кезінде пара берген-бермегеніңізге қарамастан сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болған кезіңіз болды ма?

1. Иә - 0
2. Жоқ- 489




4. Сіз пара немесе сыйлық беру кезінде делдалдарды қолдандыңыз ба?

1. Иә- 0
2. Жоқ- 489




5. Төменде келтірілген оқытушыларға арналған сыйлықтардың қайсысын пара деп есептеуге болады?

| | |
|---|-----|
| Гүлдер | - |
| Кәмпит қорабы, шарап бөтелкесі (кез келген басқа ішімдік) | - |
| Тұрмыстық құралдар | 7 |
| Ақшалай сома | 457 |
| | 25 |




6. Сіздің ойыңызша соңғы жылдары пара беру көлемі көбейді ме, әлде азайды ма?

1. Көбейді- 346
2. Азайды-42
3. Жауап беруге қиналамын-101




7. Сіздің ойыңызша колледжде сыбайластық жемқорлықтың болуының негізгі себептеріне не жатады? (Бірнеше нұсқалар мүмкін).

| | |
|--|------------|
| Төмен жалақы | 198 |
| Өзіндік бақылаудың болмауы | 36 |
| Оқытушылардың әрекеттеріне, табыстары мен шығындарына жеткіліксіз қатаң бақылау. | 8 |
| Студенттердің немқұрайлығынан. | 247 |




8. Егер Сізге сыбайластық жемқорлық жағдайына ұшырауыңызға тура келсе, Сізге пара беруге тура келді ме әлде парасыз құтылдыңыз ба?

1. Иә, пара беруге тура келді- 0
2. Пара берген жоқпын- 118
3. Ұшыраған жоқпын- 371




9. Оқытушыға пара беруден бас тартқаннан кейін сіздің мәселеніз шешілді ме?

| | |
|---------------------------------------|-----|
| Иә, шешілді | 0 |
| Шешілді, бірақ ішінара | 0 |
| Жоқ, шешілмеді | 0 |
| Мен мұндай жағдайға тап болған жоқпын | 489 |



10. Бұл жағдайдың бастаушысы кім болды?

| | |
|---------------------------------------|-----|
| Мен өзім | 0 |
| Оқытушы | 0 |
| Қызметкер | 0 |
| Мен мұндай жағдайға тап болған жоқпын | 489 |



7. (I-курс студенттердің жаңа өмір жағдайларына бейімделуі) тақырыбында кеңес беру, ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында.

«Сіз қандай ата-анасыз?» әдістемесі. Ата-аналар чатына видеороліктер жіберілді.

https://www.instagram.com/tv/CFMlk_BDx82/?igshid=16g9316q0d0oj

«Баланың сабаққа деген мотивациясын қалай көтеруге болады?»

- Баланымен білім алудың маңыздылығын талқылаңыз. Бұл өте маңызды.
- Баланың күнделікті оқуда не түсінгенін сұрап тұрыңыз. Баланың оқу күні туралы ештенені бүкпелі айтатынына көз жеткізіңіз.
- Баламен бірге отырып, оның қандай да бір жетістіктерге қол жеткізе алатынын талқылаңыз. Қажет болса, оның қандай да бір жағымсыз іс-әрекеттеріне шектеу жасаңыз.
- Жақсы іс-әрекеттерін мақтаңыз. Тек қана жағымсыз әрекеттерін айта бермеңіз.
- Баланың мектепте үлгерімі нашар болса, оған қосымша көмек көрсетуге үйде дайындауға мүмкіндік шартыңыз.
- Баланың алдына нақтылы мақсаттар қояына келмейсіңіз: қол жеткізу керек, білім алу керек, алға ұмтылу керек деген ұстаным ұстаныңыз.
- Мүмкіндігінше бала білім алудың нақтылы неге қажеттігін білу керек.Маған мұны білудің қажеті қанша?, өмірде оны қалай пайдаланамын?- деген сұраққа дайын болыңыз.
- Оқу үрдісі көзіндігі баланың нәтижелерін уақытылы қадағалап, ұстадармен байланыста отырыңыз.
- Баланы мадақтаудың әдісін ойлап табыңыз. Оған мотивация болатындай баланың нақтылы іс-әрекетін мақтаңыз.
- Баланыңа үнемі қолдау көрсетіп отырыңыз. Жақсы өзгертудің оның барлығына мүмкіндігі бар екенін жайында кеңестер беріп отырыңыз.

Сенімділік серік болсын!

Аффирмация

«Өзін-өзі сендіру, ойды бекітіп алға ұмтылысқа көмектесетін сөздер. Оларды балаға жиі айтқан сайын санада сенім пайда болады.»

**БІЗ СІЗДЕРГЕ СЕНЕМІЗ!
БІЗ СІЗДЕРМЕН БІРГЕМІЗ!**



- » Менің баламның болашағы жарқын!
- » Мен оның қуанышына ортақпын!
- » Менің балам жетістіктерге жетеді!
- » Біздің айналымыда жақсы адамдар көп!
- » Мен бәріне қол жеткіземін!

8. Студенттер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлқы бар студенттерді анықтау мақсатында колледждің педагог-психологтарымен бірлесе жұмыстар атқарылды. Сауалнама жүргізілді.

Студенттің аты-жөні, тобы, курс

Ұсынылатын ұйғарымдар

(ұқыпты және мұқият болыңыз, нұсқаманы сақтаңыз)

1. Мен нұсқаманы мұқият тыңдадым және барлық сұрақтарға шынайы жауап беруге дайынмын.
2. Мен жұмыс істегенде көңілімді басқа нәрсеге тез аударамын, қиялшыл және ұмытшақ болып кетемін.
3. Мен мені қоршаған адамдарға қарағанда тез шаршаймын.
4. Кей кездері мен мақтанамын.
5. Жиі жағдайда менде көңіл - күйім көтеріңкі болып жүреді.
6. Мені көңілсіз ойлар жиі мазалайды.
7. Мен адамдармен қарым қатынаста болғанды ұнатамын.
8. Мен аяғымның және қолымның мұздайтынын немесе жансызданып қалғанын жиі сеземін.
9. Мен ренжігенім туралы ұмытып кетемін.
10. Кейбір кездері самайымның дүңкілдегенін және мойынымның аясындағы тамыр соғысын сезінемін.
11. Мен көңілді ортада көңіл көтергенді ұнатамын.
12. Менің отбасымда жүйкесі тозған адамдар бар.
13. Кей кездері мен өзім нашар білетін тақырыпта сенімді сөйлеуім мүмкін.
14. Кей уақытта мен өзімді қорғансыз сезінемін.
15. Менің көп жақсы достарым бар.
16. Менің басым жиі аурады.
17. Мен әрқашанда тез қозғаламын және белсендімін.
18. Егер мен отырған кезде тез тұра қалсам, менің көзім қарауытады және басым

айналады.

19. Кей кездері мен проблемалардан қашу үшін ауруымды сылтауратамын.
20. Кей кездері мен тийым салынған тақырыптарға қызығушылық танытамын.
21. Менде жиі жағдайда жаман көңіл - күй болып тұрады.
22. Менің достарым менің жұмыскерлігіме және шаршамайтыныма таң қалады.
23. Мен сезімтал және тез қозатын адаммын.
24. Өмірдегі барлық мәселелерді шешуге болады.
25. Менде қалтырау ұстамалары болады.
26. Мен көңілді анекдоттарды және көңілді әңгімелерді айтқанды ұнатамын.
27. Уақыт өте келе менің үйден мүлдем кетіп қалғым келеді.
28. Мен жиі түкке тұрғысыз нәрселерге бола қобалжимын.
29. Мен өзімді ақтау үшін кей кездері өтірік айтамын.
30. Кей кездері мен аяқ астынан тер басып кетеді.
31. Мен өз уадемді орындамайтын кездер болады.
32. Кей кезде мен өзімді ештеңеге жарамсыз сезінемін.
33. Маған менің кейбір таныстарым ұнамайды.
34. Менің жиі тәбетім болмайды.
35. Мен ең көңілсіз ортаның көңілін көтеру қолымнан келеді.
36. Менің отбасы мүшелерімнің кейбір әдеттері ашуландырады.
37. Мен бейтаныс адамдармен де сөйлесетін тақырып табамын.
38. Маған мені үнемі бір күш басып тұратын сияқты сезінемін және мен босаңси алмаймын.
39. Менің жиі өлгім келеді.
40. Мені басқалар көңілді және тез тіл табысқыш адам деп ойлайды.
41. Мен барлығын жүрегіме жақын қабылдаймын.
42. Менің кеуде тұсымда және ішімде жағымсыз сезімдер пайда болады.
43. Мен таныс адамдармен және бейтаныс адамдармен сөйлесе кетуге дайынмын.
44. Егер мен бірдеңеге қатты ашуланып немесе толғанып тұрсам, оны мен барлық тәнімен сезінемін.
45. Мен көп армандаймын, бірақ бұл жайлы ешкімге айтпаймын.
46. Кей кездері мен өте белсендімін, ал кей уақытта белсенділігім тым төмен.
47. Мен әркез шындықты айта бермеймін.
48. Бәстескенде мен нені болса да істеуге дайынмын.
49. Менің қатты уайымдайтыным соншалық, ол менің миымнан көпке дейін кетпей жүреді.
50. Мен өзімді жиі шаршаңқы және әлсіз сезінемін.
51. Мен басқалардың үстінен қалжыңдағанды ұнатамын.
52. Басқалардың сыны мен ескертулері менің жанымға батады.
53. Менің түсіме қорқынышты түстер жиі кіреді.
54. Мен өз сезімдеріме бостандық беруге және жақсы ортада көңіл көтеруге бармын.
55. Кей кездері еш себепсіз мен өзімді әлсіз сезінемін.
56. Менің жиі ұйқым қашады.
57. Кей кездері мен өсек айтамын.
58. Мен барлығына жеңіл қараймын.
59. Егер сәтсіздіктер менің өкшемнен басып жүрмесе мен жақсырақ өмір сүрер едім деп күн сайын ойлаймын.
60. Мен – өз өзіме сенімді адаммын.
61. Мені кінәлілік сезімі жиі мазалайды.
62. Мен тез жүремін.
63. Мен сәттілікке деген үмітім оңай үзілетін жағдайларға жиі тап боламын.
64. Менің басыма неше түрлі ойлар кіре беретіндіктен, менің ұйқым қашады.
65. Маған басқалар менің сыртымнан күлетін сияқты болып көрінеді.
66. Мен – уайымым жоқ адаммын.

67. Кей кездері менің ойыма кісіні ұялтатын ойлар келеді.
68. Менің жүрек қағысым жиілеп кететін жағдайлар жиі болады.
69. Кейде адамдардың арасында да мен өзімді жалғыз сезінемін.
70. Кей кездері мен көп сөйлеймін және маған өзімді тоқтату қиын.
71. Мен мені түсінетін, сергітетін, жұбататын достарды үнемі қажет етіп тұрамын.
72. Кей кездері мен өз күшіме сенбегендіктен бастаған ісімнен бас тартамын.
73. Олар басқа адамдарға солай әсер етпесе де, мені жарық шам, жарқын түстер қатты шу ашуландыратын кезеңдер болып тұрады.
74. Менің жаман әдеттерім бар.

Студенттерге берілген сауалнама 13 - 18 жас аралығындағы жасөспірімдердегі суицидалдық қауіпті нұсқамаларды анықтау үшін арналған. Сауалнама невротикалық және күйзелістік жағдайларды анықтауға, сондай - ақ тез тіл табысқыштық деңгейін анықтауға арналған. Сауалнамадағы шкалалардың жалпы саны – 4, сауалнама ұйғарымдарының саны – 74.

1 шкала “И” – шынайылық шкаласы. Нәтижелердің дұрыстығын анықтайды.

8 – 10 ұпай жауаптар шынайылығының жоғарғы деңгейін білдіреді;

4 – 7 ұпай – орташа деңгей;

0 – 3 ұпай жауаптардың шынайылығының төмен деңгейін білдіреді, тек қана әлеуметтік қолдауға бағытталған бағдарлаулар зерттеу нәтижелілігін төмендетеді.

2 шкала “Д” – күйзелістік шкаласы. Күйзелістік жағдайға деген бейімділік деңгейін анықтайды.

17 – 21 ұпай – жоғарғы баға, бұл белгілер оның эмоцияналдық жағдайына, қоршаған әлеуметтік ортаға, өзіне деген көзқарасына, мінез - құлқына сай келеді.

8 – 16 орта деңгей,

1 – 7 ұпай – күйзелістіктің төмен деңгейі.

3 шкала “Н” – невротизациялықтың шкаласы. Невротизациялықтың деңгейін анықтайды.

17 – 21 ұпай – жоғарғы баға, эмоциялық тұрақсыздықтан, мазасыздықтан көрінетін невротикалық белгілерге сай келуі мүмкін.

4 шкала “О” – тез тіл табысып кетушіліктің шкаласы. Тез тіл табысып кетушіліктің деңгейін анықтайды.

17 - 21 ұпай – тез тіл табысып кетушіліктің жоғарғы деңгейі;

8 – 16 ұпай – орташа деңгей;

1 – 7 ұпай – төменгі деңгей. Тез тіл табысып кетушіліктің төмен деңгейі

Невротизацияның және күйзелістіктің жоғарғы көрсеткіштерімен бірігуі зерттелушінің «пассивті түрде өлімге келісім беруіне» дәрежесіне дейін апаратын қауіпті суицидалды нұсқаны білдіреді.

Шкалалар бойынша ұпайларды санайтын кілт

“И” шкаласы. Жауаптар “қосу”: 4, 13, 20, 29, 31, 33, 47, 57, 67, 74.

“Д” шкаласы. Жауаптар “қосу”: 2, 6, 12, 14, 19, 21, 27, 28, 32, 36, 39, 41, 45, 49, 52, 55, 59, 63, 65, 69, 72.

“Н” шкаласы. Жауаптар “қосу”: 3, 8, 10, 16, 18, 23, 25, 30, 34, 38, 42, 44, 46, 50, 53, 56, 61, 64, 68, 71, 73.

“О” шкаласы. Жауаптар “қосу”: 5, 7, 9, 11, 15, 17, 22, 24, 26, 35, 37, 40, 43, 48, 51, 54, 58, 60, 62, 66, 70.

Қатысқан студенттер саны: **350**

И шкаласы бойынша : 8 -10 ұпай арылығында – **67** студент
4 - 7 ұпай аралығында – **172** студент
0 - 3 ұпай аралығында – **111** студент

Д шкаласы бойынша : 17 - 21 ұпай арылығында – **280** студент
8 - 16 ұпай аралығында – **42** студент
1 - 7 ұпай аралығында – **28** студент

Н шкаласы бойынша : 17 – 21 ұпай арылығында – **35** студент

О шкаласы бойынша : 17 - 21 ұпай арылығында – **125** студент
8 -16 ұпай аралығында – **146** студент
1-7 ұпай аралығында – **79** студент

Суицид дегеніміз кім?



“Суицид” латын тілінен алынған “өзін-өзі өлтіру, өзіне қол салу” деген мағынаны білдіреді

Тағы бір синонимдік мағынасы **қасақана өз өмірін кию**

Суицид үш топқа бөлінеді

Нағыз суицид



Жасырын суицид

Демонстративтік суицид

Алдын алу шаралары

1. Диагностика жүргізу
2. Жеке әңгіме
3. Сынып жетекшісі мен байланыста болу
4. Ата-анасымен жұмыс
5. Түзету жұмыстары



33

9. Мұғалімдерге арналған сауалнама.


1. Колледжде бүгінгі күнде қалыптасқан жағдайға өзгеріс енгізуді қолдайсыз ба?
Ия
Кейде
Жоқ
2. Сіздің сабақ өту тәсіліңіз өзіңізге ұнайды ма?
Ия
Кейде
Жоқ
3. Колледждегі мұғалімдердің бір бірімен қарым қатнасына қанағаттанасыз ба?
Ия
Кейде
Жоқ
4. Оқытуда қалыптастырушы бағалауды жиі қолданасыз ба?
Ия
Кейде

- Жоқ**
5. Сабақ өтуде алдыңызға тақырып бойынша мақсат қоясыз ба?
Ия
Кейде
Жоқ
6. Сабақта жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуді қолданасыз ба?
Ия
Кейде
Жоқ
7. Өз біліктілігіңізді арттыру бағытындағы ізденістер жасайсыз ба?
Ия
Кейде
Жоқ
8. Оқуға биімділігі жоқ студенттерді ынталандыру жолын білесіз бе?
Ия
Кейде
Жоқ
9. Сіз жаңа әдіс тәсілмен сабақ өтіп жатқан мұғалімнің сабағына кірдіңіз бе?
Ия
Кейде
Жоқ
10. Студент сабаққа еркін қатысқан жағдайда нәтиже болатынына сенесіз бе?
Ия
Кейде
Жоқ

Мұғалімдерге арналған сауалнама нәтижесі

1. Колледжде бүгінгі күнде қалыптасқан жағдайға өзгеріс енгізуді қолдайсыз ба?

Ия – 65
Кейде- 20
Жоқ- 12




2. Сіздің сабақ өту тәсіліңіз өзіңізге ұнайды ма?

Ия- 79

Кейде- 15

Жоқ- 3




3. Колледждегі мұғалімдердің бір бірімен қарым -қатнасына қанағаттанасыз ба?

Ия- 60

Кейде- 20

Жоқ- 17




4. Оқытуда қалыптастырушы бағалауды жиі қолданасыз ба?

Ия- 50

Кейде- 25

Жоқ- 22




5. Сабақ өтуде алдыңызға тақырып бойынша мақсат қоясыз ба?

Ия- 90

Кейде- 7

Жоқ- 0




6. Сабақта жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуді қолданасыз ба?

Ия- 89

Кейде- 5

Жоқ- 3




7. Өз біліктілігіңізді арттыру бағытындағы ізденістер жасайсыз ба?

Ия- 85

Кейде- 7

Жоқ- 5




8. Оқуға биімділігі жоқ студенттерді ынталандыру жолын білесіз бе?

Ия- 70

Кейде- 20

Жоқ- 7




9. Сіз жаңа әдіс тәсілмен сабақ өтіп жатқан мұғалімнің сабағына кірдіңіз бе?

Ия- 82

Кейде- 10

Жоқ- 5




10. Студент сабаққа еркін қатысқан жағдайда нәтиже болатынына сенесіз бе?

Ия- 54

Кейде- 18

Жоқ- 25



10. Зорлық – зомбылық туралы мен не ойлаймын – сауалнамасы.

Қымбатты дос!

Бұл сауалнама жасырын түрде, балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу үшін жүргізілуде. Сұрақтарға шынайы жауап беруіңізді сұраймыз. (Жауап белгілегенде бірнеше нұсқаны белгілеуге болады)

Өзің туралы мәлімет

Жасың нешеде?

Отбасында неше адам бар? _____

Тобы _____

1. Зорлық деген сөзді қалай түсінесің?

- тек күш көрсету
- қол жұмсау
- мәжбүрлеу
- қорқыту
- адамның құқығына қысым жасау
- менсінбеушілік
- кемсіту
- қатігездік
- ауру келтіру
- өмір сүруге қауіп төндіру
- өз жауабың

2. Сенің ойыңша, қай жерлерде, кімнен бала қорлық - зорлыққа тап болуы мүмкін?

- отбасында, жақын адамдардан
- көшеде, бейтаныс адамдардан
- мектептегі оқушылардан
- достарынан
- өз жауабың

3. Қиын жағдайда не істейсің?

- Әке анамнан көмек сұраймын
- Өз проблемамды өзім шешуге тырысамын
- Ата - анамды мазалағым келмейді
- Сынып жетекшіге жолығамын
- Психологқа жолығамын
- Әлеуметтік педагогқа жолығамын
- Милицияға барамын
- Директорға барамын
- Шыдауға тырысамын
- Достарыммен шешемін
- Туған - туыстарыммен
- Өз жауабың

4. Ата - анаңмен қарым - қатынасың қандай?

- ата - анам досым
- Жақсы қарым - қатынастамын
- түсінбеушілік пен даулар болып тұрады
- менсінбеушілікпен қарайтын сияқты
- қол көтереді
- әкем мен анам менен алыс
- өз жауабың

5. Жазалау барысында көбіне қандай шара қолданады?

- ұрысады
- ұрады
- ақша бермейді
- достарыммен сөйлестірмейді
- телевизор, компьютер қарауға тиым салады
- еш уақытта жазаламайды
- түсіндіріп, көндіргісі келеді
- желкемнен түйеді, шапалақ береді
- дұрыс еместігін түсіндіргісі келеді
- өз жауабың

6. Әке - анаңның жазалауымен келісесің бе?

- иә
- иә деп айтуға болады
- жоқ
- жоқ деп айтуға болады
- өз жауабың.....

7. Бір нәрсеге ашуланып, сенен өш алған уақыттары болды ма?

- иә ондай жиі болып тұрады
- айта алмаймын
- кейде
- еш уақытта
- өз жауабың.....

8. Өзің ата - ана болғанда өз балаларыңды жазалайсың ба?

- иә
- жоқ

9. Әке - анаң келесіге ниет білдіре ме?

А). Сені мақтауға – Үнемі ----- Анда - санда ----- Еш уақытта -----
 Әлде-----

Б). Құшақтауға – Үнемі ----- Анда - санда ----- Еш уақытта ----- Әлде -----

В). Сүйеге– Үнемі----- Анда - санда----- Еш уақытта----- Анда - санда ---
----- Еш уақытта ----- Әлде.... -----

С). Сені соғуға – Үнемі----- Анда - санда -----

Д). Үйден кууға – Үнемі----- Анда - санда ----- Еш уақытта ----- Әлде.... ----

Е). Қараңғы бөлмеге қамауға– Үнемі----- Анда - санда-----

Еш уақытта----- Әлде.... -----

10. Істеген үлкен қателіктерің үшін қандай жаза қолданады?

Анаң..... Әкең.....

11. Өз жанұяңда паналы, сүйікті екенінді сезінесің бе?

- иә

- жоқ

12. Егерде адам зорлыққа тап болса, қандай мекемелерден көмек сұрай алады деп ойлайсың?.....

13. Біздің заманымызда баланы зорлықтан қорғау үшін қандай құжаттар бар?
.....

Рахмет!!!

Әлеуметтік маман:

Абдунабиева.З.М